

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1625 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 28 желтоқсан N 1400

"Қостанайдизель" ашық акционерлік қоғамының мүліктік кешенін сату жөніндегі шараларды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қостанайдизель" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың айрықша шарттары мен тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1625 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 . Мыналарды :

1) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен келісім бойынша дербес өндірістер құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін конкурстық массаның құрамында N 1 лотты - "Бірыңғай технологиялық кешенге кірген мүлік" (бұдан әрі - N 1 лот) және бірыңғай технологиялық кешенге кірмеген мүліктен басқа да лоттар қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

2) N 1 және басқа да лоттарды сатудың ең төменгі бағасын оларды сатудың жалпы құны бірінші-төртінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен болмауын ескере отырып, белгілеуді;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі уәкілетті өкілдерінің қатысуымен N 1 лотты сатуды;

4) N 1 лотты сату жоспарын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен келісуді;

5) N 1 лотты сату жөніндегі аукционға Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен келісілген өндірістік қызметті жаңғырту туралы инвестициялық бағдарламасы бар ұйымдардың қатысуын;

мыналарды көздейтін :

N 1 лотқа кірген мүлікті сатып алған сәттен бастап он жыл ішінде оны қайта сатуды және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді шектеу жөніндегі сатып алушының міндеттеме қабылдауын;

N 1 лотқа кірген мүлікті сатып алған күнінен бастап бес жыл ішінде қазіргі заманғы дизель двигательдерінің өндірісі ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді көздейтін оларды сатып алу шартына енгізу жолымен N 1 лотты сатып алушыларға қосымша талаптар қойылатын "Қостанайдизель" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың айрықша шарттары мен тәртібі белгіленсін";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен N 1 лотты сатып алушының сатып алу-сату шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*